

**Текелі қалалық мәслихатының 2020 жылғы 1 қазандағы "Текелі қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" № 51-305 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Жетісу облысы Текелі қалалық мәслихатының 2024 жылғы 26 ақпандағы № 14-73 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2024 жылы 28 ақпанда № 167-19 болып тіркелді

Текелі қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Текелі қалалық мәслихатының 2020 жылғы 1 қазандағы "Текелі қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар мен пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" № 51-305 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 147237 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2-тармағындағы "150" саны "800" санымен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Текелі қалалық мәслихатының төрағасы*

*Б. Тугулбаев*